

Тақырыбы: 2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық Әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын құру және бекіту.

Бүгінгі Педагогикалық Әдеп кеңесінің алғашқы отырысы – жаңа оқу жылындағы тәрбие мен этикалық бағыттағы жұмыстың бастамасы. Бұл жиынның негізгі мақсаты – 2025–2026 оқу жылына арналған кеңес жұмысын жүйелі түрде жоспарлау және бекіту.

Өткен оқу жылында кеңес тарапынан бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, педагогтардың әдеп нормаларын сақтауына мониторинг жүргізіліп, бірнеше отырыс өткізіліп, кейбір жағдайларда түсіндірме және алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы өзара сыйластық пен сенімділік деңгейі артты.

Жаңа оқу жылында кеңес жұмысы келесі бағыттарға басымдық береді:

- Педагогтардың кәсіби этикасын сақтауын бақылау;
- Әдеп бұзушылықтардың алдын алу мақсатында семинарлар, тренингтер өткізу;
- Ата-аналармен кері байланыс орнату;
- Кеңес жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету – балабақша сайтында ақпарат жариялау;
- Жыл соңында қорытынды есеп беру арқылы жұмыс тиімділігін бағалау.

Кеңес мүшелерінің белсенділігі мен жауапкершілігі – осы жоспардың табысты орындалуының кепілі. Әрбір мүшенің ұсынысы мен пікірі ескеріліп, жұмыс жоспары нақты әрі нәтижеге бағытталған түрде құрылады.

Осыған орай, кеңес мүшелерінен жоспар жобасына ұсыныстар енгізіп, оны бекітуге шақырамын. Жоспар бекітілгеннен кейін балабақша бұйрығымен рәсімделіп, ресми құжат ретінде қабылданады.

Қорытындылай келе, Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысы – мектепке дейінгі ұйымдағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға, педагогтардың беделін арттыруға бағытталған маңызды құрылым. Жаңа оқу жылында бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіріп, сапалы деңгейге көтеру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Бестамақ “Болашақ” балалар бақшасы

**2025-2026 жылға арналған жұмыс жоспарын
құру және бекіту.**

(педагогикалық әдеп кеңесі)

2025 жыл, қыркүйек.